

**Ғабит Мүсірепов атындағы Солтүстік Қазақстан
облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасы**

**«Ақынның асыл мұрасы»
ұсыныстық әдебиеттер тізімі**



2025 ж

Қадыр Мырза Әлі - бұл әдебиеттегі тұтас дәуір. Оның шығармалары әлі күнге дейін оқырмандардың жүрегін толғандырады. Биыл біз осы көрнекті ақын әрі жазушының туғанына 90 жыл толуын атап өтеміз.

Сіздердің назарларыңызға оның шығармашылық әлемін және оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік беретін ең жақсы туындыларын ұсынамыз.

Ұсыныстық әдебиеттер тізімінде берілген кітаптар кітапхана қорынан алынған.

Қадыр Ғинаятұлы Мырза Әлі
1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Ақын, Қазақстанның халық жазушысы (1995), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.



1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол Қазақстанның халық жазушысы. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

Оның тұңғыш туындысы 1954 жылы республикалық «Пионер» балалар журналында жарияланды. Содан бергі уақыт ішінде оның жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді, өлеңдері мектеп оқулықтарына енді. Ал әнге арнап жазылған өлеңдерінің саны екі жүзден асты. Олардың көбі халыққа кең тарады, «Күндер-ай» атты жеке кітап болып басылып шықты. Талантты ақын қаламынан халық фольклорының атақты күлдіргі кейіпкері Алдар көсе жайлы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты өткір сатиралы комедия мен Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты және «Әмір Темір» кесек драмалық шығармалары да жарық көрді. Тұңғыш жинағы «Көктем» 1959 жылы жарық көрді. Қадыр Мырза Әлі

көркем аударма саласында да жемісті еңбектері көп. Әлемдік әдебиет ғұламаларының талайының шығармаларын ол қазақ тіліне аударады. Ал өзінің біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылды. Орыс тілінде «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985), тағы басқа кітаптары жарық көрсе, өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алақан» (1979), әзербайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жаңғақ» секілді еңбектері басылды. Сондай-ақ дарынды ақынның оннан аса кітабы бұрынғы КСРО халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты. 1966 жылы «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін Қадыр Мырза Әліге Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін ол Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жыл Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. 1993 жылы Қадыр Мырза Әлі өлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Моңғолияның халықаралық «АВЪЯС» сыйлығын алды. Қадыр Мырза Әлі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды. Соңғы жылдары ақынның он алты томдық таңдамалары жарық көрді. 2003 жылы Санкт-Петербургтің «Славия» баспасында «Прапамять» атты үлкен бір томдығы орыс тілінде басылып шықты.



Мырзалиев, Қадыр.

Домбыра : Өлеңдер кітабы / Қ. Мырзалиев ; ред. У. Есдаулетов. - Алматы : "Жазушы" баспасы, 1979. - 352 бет.

«Домбыра» - адам өмірінің әр алуан кезеңдерін жан-жақты қамтитын күрделі туынды. Қазақтың кәдімгі қара домбырасы сияқты бұл кітап та екі ішек және бірнеше пернеден тұрады. Әр перненің өзіне арнап қойылған аты бар. Олар: табиғат-жаратылыс, ауыл-атамекен, адам-адамзат, достық-жолдастық, махаббат-ғашықтық, арман-үміт, мұрат-мүдде, бейнет-зейнет, той-тамаша, уақыт-мезгіл, өлең-өнер, өмір-ғұмыр пернелері. Қазақтың қара домбырасы күмбірлетіп күй шертсе, Қадырдың қара домбырасы өзіне ғана лайық қоңыр даусымен алуан-алуан сыр шертеді.



Мырза Әли, Қадыр.

Егізжолдар : Нақылнама / Қ. Мырза Әли ; ред. С. Жұбаниязов. - Алматы : "Жазушы", 2008. - 320 бет.


Көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қадыр Мырза Әлидің жаңа жинағы оқырман ойына даналық дәндерін егетін, ғұмыр-өмір турасында ғибраты мол, толғауы толымды, тобықтай түйіні қонымды толғаныстарын топтастарады.

Сондықтан аталған егізжолдар ел жадында жатталып, көңілде хатталып, қанатты сөзге айналып кетері күмәнсіз.



Мырзалиев, Қадыр.
Жерұйық: Жыр кітабы / Қ.
Мырзалиев ; ред. А. Асылбеков. -
Алматы : "Жалын" баспасы, 1976.

«Жерұйық» - жай өлеңдер жинағы ғана емес, жыр кітабы, басқа сөзбен айтар болсақ, туған республикамыздың көркем суреті, поэтикалық жағрафиясы. Дарқан даламыз, арқа сүйер асқар тауларымыз, тұңғыық теңіз-көлдеріміз тілге тиек іспетті. Үңіліп қарағанға даламыздың аржағында – кеңдік, аспан тауларымыздың асқақ басында – биіктік, телегей теңіз-көлдеріміздің түбінде – тереңдік жатыр. Осынау философиялық үш кіндіктің, авторлық идеяның әсем астарын одан әрі аша түсетін лирикалық үш қайырма – Кешегіміз, бүгінгіміз, Ертеңіміз туралы үш толғау. Кітаптық композициялық жүйесі, табиғи тұтастығы – кемелденген шеберліктің тағы бір айғағы.



Мырзалиев, Қадыр.
Күміс қоңырау : өлеңдер, мысалдар,
жұмбақтар / Қ. Мырзалиев. - Алматы
: Жазушы , 1970. - 376 бет.

Қадыр Мырзалиев – балалар әдебиетінде өнімді еңбек еткен авторларымыздың бірі. Бұл салада оның қалам тартпаған тақырыбы кемде-кем. Өлеңдер мен мысалдар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ертегілер мен мазақтамалар – белгілі ақынымыздың тынымсыз ізденіп, еркін игерген жанрлары. Қадыр Мырзалиевтің жеңіл де жатық, ойнақы да ойлы туындылары жыр-құмар оқырмандардың рухани серігі, жолдасы, досы.

«Күміс қоңырау» - сұрыпталған, іріктелген сегіз-тоғыз кітаптың жаңа одағы, творчестволық он-он бес жылдың мәуелі жемісі. Бұл – жалғыз бөбектерге, балаларға, мектеп


оқушыларына ғана емес, тәрбиешілерге, мұғалімдерге, ата-аналарға да арналған еңбек.



Мырза Әли, Қадыр.

Көкейкесті : Өлеңдер мен толғаулар / Қ. Мырза Әли ; ред. И. Хасенұлы. - Алматы : "Атамұра", 2003. - 280 бет.

Көрнекті ақынның бұл жинағына «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «Ой орманы», «Дала дидары», «Домбыра», «Алақан», «Қорамсақ», «Көкпар», «Қызыл кітап» т.б. жыр кітаптарындағы өлеңдер мен толғаулар енген. Ақын елдік пен отансүйгіштікті, адалдық, парасаттылықты жырлайды.



Мырзалиев, Қадыр.

Көкпар : Өлеңдер кітабы / Қ. Мырзалиев ; ред. У. Есдаулетов. - Алматы : "Жазушы" баспасы, 1981. - 176 бет.

Қазақ ССР Мемлекеттік және Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Қадыр Мырзалиевтің «Көкпар» атты бұл жыр кітабы «Тыс» және «Астар» деген екі бөлімнен тұрады. Ақын жаңа жинағында жаңарған ауыл мен бүгінгі замандастарымыздың жарқын бейнесін жырлайды.



Мырзалиев, Қадыр.

Қорамсақ : Өлеңдер / Қ. Мырзалиев ; ред. К. Ахметова, С. Оспанов. - Алматы : "Жалын" баспасы, 1980. - 192 бет.

Қадыр Мырзалиевтің бұл кітабы


ақынның тек соңғы уақытта жазған жаңа жырларынан тұрады.



Мырзалиев, Қадыр.

Қызыл кітап : өлеңдер / Қ. Мырзалиев. - Алматы : Жалын, 1983. - 192 бет.

«Қызыл кітап» - Қазақ ССР мемлекеттік және Қазақстан комсомолы сыйлықтарының лауреаты, көрнекті қазақ ақыны Қадыр Мырзалиевтың келелі проблемаларды мейлінше кең қамтылған кенен еңбектерінің бірі.



Мырзалиев, Қадыр.

Қылыш пен қанжар : өлеңдер кітабы / Қ. Мырзалиев. - Алматы : Жалын, 1991. - 288 бет.

«Қоғам азған кезінде қудалайды ақынды» деп, тоқырау кезеңінің күйіп тұрған шағында, соры бетіне шыққан ащы шындықты үлкен азаматтық батылдықыпен әдемі айта білген, зерделі жырдың зергер иесі бұл кітабында бұрынғыдан бетер бедерлі, бұрынғыдан бетер өткір. «Қылыш пен қанжардың» он үш бөлімнен тұруы да тегін болмаса керек, бұл – творчестволық жаңа бастаманың бірінші мүшелі яки алғашқы қайырымы іспетті.



Мырзалиев, Қадыр.

Сөз сиқыры : Жыр туралы кітап / Қ. Мырзалиев ; ред. Е. Дүйсенбаев. - Алматы : "Жазушы", 1982. - 464 бет.

Республиканың Абай атындағы


Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қадыр Мырзалиев өзі ширек ғасыр бойы еңбек еткен қазақ жырының хал-жайы жөнінде ақындық пікір-толғаныстарын ағынан жарыла ортаға салып келеді. Осы кітапта әдемі топтасқан әр жылдар ойлары – әйгілі қаламгер творчествосының жемісті бір саласы.

Жинақ он бір тарау мен әр алуан тақырыпқа бөлінгенмен, өзек-желісі біртұтас өрілген толғаныстар бұл. Өлең туралы сөздің өнбойында автордың төл әдебиетімізге байланысты төгіліп жеткен терең тебіреністері оқушыны баурап отырады. Сіз алғашқы адымынан бастап, бүгінгі бел-белесіне дейінгі отызға тарта ақынның өсу жолымен танысасыз.



Мырзалиев, Қадыр.
Таңдамалы шығармалары / Қ. Мырзалиев ; құраст. ҚР мәдениет қайраткері, ақын Ө. Нұрмағамбетов ; ҚР Мәдениет министрлігі . - Алматы : Айғаным, 2014. - 216 бет.

Қазақ өлеңінің қадір-қасиетін қысқа да нұсқа ой түйіндеулерімен, терең парасат-пайымымен, асқан шеберлігімен шырқау биікке көтерген Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Қадыр Мырзалиевтың бұл жинағына кезінде оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген бірқатар туындылар еніп отыр.



Мырза Әли, Қадыр.
Шығармалар жинағы : Өлеңдер, әндер, ғибратнама / Қ. Мырза Әли ; құраст. М. Құлқенов. - Алматы : Өлке, 2015. - 480 бет.

Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны

Қадыр Мырза Әлінің халықтың көкейінен шыққан лирикалық өлеңдері, философиялық терең оймен өрілген жырлары, әнге жазылған мәтіндері мен қысқа-қысқа ғибратнамалық әңгімелері енгізіліп отыр. Ғажайып ақынның мәңгілік өлмес жырлары жасампаз ұрпағымыздың рухани жандүниесін байытып, таным көкжиегін кеңітетін өміршең шығармалар.



Мырза Әлі Қ.

Таңдамалы : 2 томдық шығармалар жинағы / Қ. Мырза Әлі. - Алматы : Жазушы , 2005.

1-ші том : Өлеңдер мен дастандар. - 2005. - 424 бет.

Оқырман қауымға кеңінен мәшһүр, көрнекті ақынның екі томдық шығармалар жинағының бірінші томы «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «ой орманы», «Дала дидары», «Ақырзаман» т.б. кітаптарындағы ең таңдаулы өлеңдері мен шағын дастандарынан тұрады.



Мырза Әлі Қ.

Таңдамалы : 2 томдық шығармалар жинағы / Қ. Мырза Әлі. - Алматы : Жазушы , 2005 - Текст : непосредственный.

2-ші том : Өлеңдер . - 2005. - 432 бет.

Ақынның екі томдық шығармалар жинағының екінші томына «Мәңгі майдан», «Шырғалаң» кітаптарында жарық көрген өлеңдерінің ең таңдаулылары енді.